

Шағала – жақсы ұшып, жүзеді, бірақ суға сүңги алмайды. Қанаттары ұзын, аяқтары қысқа. Ұясын жерге, шың басына, судағы жартаcқа шөптен жасайды.



Кептер - адам тіршілік ететін және үй-жайларына үйір, денесі тығыз, тұмсығы қысқа, балауызсымақтары бар құстар. Олардың танау тесіктері терілі қаппен бүркелген.



*Қаршыға - тұмсық, тұяқтары қара,
саусақтары салалы. Қоразы мен
мекиенінің түсі ұқсас. Ұясын
ағашқа, жартас, шыңға, жерге салады.*



Аққу - мойны мен денесінің ұзындығы тең әрі иіліп келген. Денесі созылыңқы, басы онша үлкен емес, тұмсығы тік әрі жалпақтау келеді. Қысқа сирағы денесінің артқы жағында орналасқан. Қауырсыны тығыз әрі үлпілдек мамықты шымқай ақ түсті.



Қарлығаш - тұмсығы қысқа,
тұмсығының түбі кең, езулерінің арасы
алшақ. Қанаттары жіңішке әрі ұзын.
Дене бітімі ерекше сымбатты.
Саусақтары қысқа, әрі әлсіз, жерде
жүруі ебедейсіз. Қауырсыны тығыз,



Қарға - түсі күлгін немесе қара қошқыл қосылып құлпырып тұрады. Тұмсығының жоғарғы ұшы төмен қарай иілген және қауырсынмен жабылған. Отырықшы құс. Ұясын ағаш басына кейде қамыс нуларына салады.



Үйрек - басы үлкен, жалпақ, маңдайы шығыңқы, тұмсығы қызғылт-сары, сәл имектеу, арқасы кең, шоқтығына қарай биіктеу, тұлғасы кең әрі ұзын, сирағы қысқа әрі жуан, қауырсыны ақ, денесінің түсі сарғылт болып келеді.

